

## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәселелері<\*>

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 19 мамыр N 716. Қаулының мәтініне өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.12.07. N 1677 қаулысымен. ~P951677 Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 наурыздағы N 2137 U952137\_ Жарлығын орындау үшін, меншік қатынастарын өзгерту процестерін жетілдіру және мемлекеттік меншікті тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті (бұдан әрі Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитет) Қазақстан Республикасының меншігі жөнінде мемлекет мүдделерін білдіруге және Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігін иелену, пайдалану және басқару құқығын жүзеге асыруға уәкілдік берілген орталық мемлекеттік басқару органы болып табылады деп белгіленсін.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитет пен оның аумақтық органдары мемлекеттік меншікті басқарады және Қазақстан Республикасының меншігі жөнінде мемлекеттің мүддесін білдіреді.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитетке Қазақстан Республикасының Үкіметі тікелей басшылық жасайды.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитеттің құзырына жатқызылған мәселелер жөніндегі шешімдері барлық деңгейдегі басқару органдарының, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілердің орындауы үшін міндетті.

2. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитет туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

3. Мемлекеттік мүлік жөніндегі қазіргі аумақтық комитеттер негізінде бөлу барысына сәйкес мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитеттер құрылсын.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитеттер Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитеттің бірыңғай жүйесіне кіреді деп белгіленсін.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі облыстардың, сондай-ақ Алматы және

Ленинск қалаларының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитеттері қызметкерлерінің жалпы штаттық саны 500 адам болып белгіленсін (үй-жайды күзететін және қызмет көрсететін адамдарсыз).

4 . < \* >

5 . < \* >

6 . < \* >

7 . < \* >

Ескерту. 4,5,6,7-тармақтарының күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.12.19. N 1804 қаулысымен. P951804\_

8. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитеттің орталық аппараты мен оның аумақтық комитеттерін ұстауға жұмсалатын шығындарды қаржыландыру республикалық бюджетте мемлекеттік басқару органдарын ұстауға көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитет пен оның аумақтық комитеттеріне бөлінетін бюджет қаражаты көлемі олардың материалдық-техникалық базасын дамыту мен нығайтуды ескере отырып белгіленсін.

10. Мемлекеттік мүлікті пайдаланудан (мүліктік жалдан, басқару контрактілерінен және т.б.) қаражаттың және акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтердің келіп түсуін бақылауды тәртіпке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитетке аталған қаражаттың келіп түсуі үшін арнаулы шот ашу ұ с ы н ы л с ы н .

Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитетпен бірге аталған қаражатты аудару мен пайдалану тәртібі туралы ереже әзірленсін.

11. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитет қайта ұйымдастырылған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің мүліктік және өзге құқықтарының бөлу баласына сәйкес құқылық мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

12. Ақпараттық есептеу орталығы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитеттің қарамағында деп белгіленсін.

1 3 . < \* >

Ескерту. 13-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1996.01. N 68 қаулысымен. P960068\_

14. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік штаттағы 40 адамымен, оның ішінде бір орынбасары, екі қызметтік жеңіл автомобиль лимитімен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің қарауына беріледі деп белгіленсін.<\*>

Ескерту. Жаңа 14-тармақпен толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.12.07.

№ 1677 қаулысымен. 14 тармақ 15 болып саналсын.

Р 9 5 1 6 7 7 \_

15. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 18 маусымдағы № 513 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., № 24, 294-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

М и н и с т р л е р

К а б и н е т і н і ң

1995 жылғы 19 мамырдағы

№ 716 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті  
басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы

Ереже<\*>

Ескерту. Ереженің мәтініне өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің  
1995.12.07. № 1677 қаулысымен.

I. Негізгі ережелер

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасының меншігі жөнінде мемлекет мүдделерін білдіруге және Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігін иелену, пайдалану және басқару құқығын жүзеге асыруға уәкілдік берілген орталық мемлекеттік басқару органы болып табылады.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулыларын және өкімдерін, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

II. Комитеттің негізгі функциялары мен міндеттері

3. Комитеттің негізгі міндеттері:

меншікті басқару мен меншік қатынастарын қайта құру мәселелері бойынша тиісті артықшылықтарды, процедураларды және механизмдерді қамтитын мемлекеттік саясат әзірлеу мен оны жүзеге асыру ісіне қатысу;

мемлекеттік меншіктің пайдаланылуын бақылау, осы салада заңдылықты

с а қ т а у ;

мемлекеттік пайларды, акционерлік қоғамдар мен компаниялар

акцияларының пакеттерін басқаруды қамтамасыз ету, олардың басқару органдарында мемлекет мүддесін білдіру;

мемлекеттік кәсіпорындарды басқару ісінде министрліктер мен ведомстволардың қызметін үйлестіру;

өз құзырындағы мәселелерде республиканың мүддесін халықаралық деңгейде білдіру ;

шет елдердегі меншік мәселелерінде мемлекет мүддесін сақтау, мемлекет қатысатын бірлескен кәсіпорындардың қызметін бақылау болып табылады.

#### 4. Негізгі міндеттерге орай Комитет:

мемлекеттің меншігіндегі шаруашылық серіктестіктерінің, акционерлік қоғамдардың, компаниялардың, акционерлік банктер мен кәсіпорындардың пайлары мен акцияларының пакеттерін басқаруды қамтамасыз етеді;

мемлекеттік кәсіпорындар мүлкінің меншік иесінің, сондай-ақ мемлекеттік емес заңды тұлғалардың мүлкіндегі мемлекеттік үлестің құқылығын жүзеге асырады ;

жарғылық қорларында мемлекеттік меншік үлесі бар қоғамдар мен компаниялардың басқару органдарында мемлекет мүддесінің білдіруін қамтамасыз етеді ;

мемлекеттік мүлікпен кепілдік операцияларын жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетімен және өзге мүдделі ведомстволармен бірге мемлекеттегі жекешелендіру шаралары мен жекешелендіруден кейінгі шаралар стратегиясын әзірлеуге қатысады ;

жекешелендіру бағдарламаларының жүзеге асырылуын қадағалайды;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншік объектілерін қайта құру, жекешелендіру туралы, сонымен бірге жеке жобалар бойынша шешімдер қабылдайды, сатуға арналған мүлікке (пайларға, акцияларға) мемлекеттік меншік құқығын куәландыратын құжаттар береді, сондай-ақ қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалайды ;

мемлекеттік мүлікті басқаруға, сонымен бірге акциялардың мемлекеттік пакеттерін контрактілер жасайды ;

шаруашылық серіктестіктерін, акционерлік қоғамдар, компаниялар, бірлескен кәсіпорындар құру туралы шешімдер қабылдайды және мемлекет атынан олардың құрылтайшысы болады ;

мемлекет атынан ұлтаралық компаниялардың құрылтайшысы болады;

мемлекеттік мүлікті (кәсіпорындарды, ұйымдарды, пайларды, акцияларды) басқарудың толық немесе шектеулі құқығын беру туралы шешімдер қабылдайды және ондай құқықтардың берілуіне шарттар жасайды, сондай-ақ олардың орындалуын қадағалайды ;

мүлікті толық немесе шектеулі басқаруға берілген құқықтардың пайдаланылуы туралы министрліктердің, ведомстволардың және басқа да мемлекеттік басқару органдарының хабарын тыңдап, тиісті шешімдер қабылдайды;

мемлекеттік меншікті басқару мен қайта құру туралы заңдық және нормативтік актілердің жобаларын әзірлейді, өз құзыры шеңберінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігін жекешелендіру мен басқару процестерін реттейтін нормативтік және басқа актілер шығарады, сондай-ақ олардың сақталуын қадағалайды;

жарғылық қорларында мемлекеттік меншік үлесі бар қоғамдар мен компанияларды белгіленген тәртіппен "алтын акция" енгізу туралы шешім қабылдайды;

жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі бар акционерлік, соның ішінде холдинг компаниялардың басшыларын тағайындау мен байқаушы кеңестерінің құрамы жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізеді және мемлекеттік кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер басшыларын тағайындауды келіседі;

акционерлік қоғамдар, компаниялар және серіктестіктер акцияларының мемлекеттік пайларына, мемлекеттік пакеттерін дивидендтер есептелуін белгіленген тәртіппен бақылайды;

мемлекеттік меншікті қайта құру тәсілдерін, нысандары мен әдістерін белгілейді;

мемлекеттік меншікті қайта құру актілерін береді;

шет елдердегі меншік мәселелерінде мемлекет мүддесінің сақталуын және мемлекет қатысатын бірлескен кәсіпорындар қызметін қадағалайды;

мемлекеттік меншік объектілерін мүліктік жалға беру туралы шешімдер қабылдайды;

мемлекеттің қарамағындағы мүлікті шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқымен беру туралы мәселені шешеді;

Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп заңды және жеке тұлғаларға ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған мүлікті, оның ішінде салынып бітпеген объектіні жекешелендіру туралы шешім қабылдаған кезде жер учаскесін пайдалану не жалға беру құқын сату мәселесін шешеді.

Уәкілді органдармен бірлесіп, мүлкінде мемлекеттің үлесі бар мемлекеттік кәсіпорындарды, сондай-ақ мемлекеттік емес заңды тұлғаларды заңда көзделген тәртіппен және негіздер бойынша тарату мәселелерін шешеді.

Мемлекеттің қарамағындағы акциялар пакеттерін ұстаушы болып табылады;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруымен мемлекеттік меншік

объектілерінің сенім білдірген басқарушысы болып табылады.

Лизингті пайдалану саласында біртұтас мемлекеттік саясат жүргізуді қамтамасыз етеді;

Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттікке тікелей басшылық етуді жүзеге асырады. < \* >

Ескерту. 4-тармақ жаңа абзацтармен толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.12.07. N 1677 қаулысымен.

### III. Комитеттің өкілеттіктері

5. Комитет өзіне жүктелген функцияларды орындау үшін: өз құзыры шегінде министрліктер, ведомстволар, жергілікті басқару органдары, мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін міндетті нормативтік құжаттар мен басқа да шешімдер қабылдауға;

мемлекеттік меншікті басқару мәселелері бойынша министрліктер мен ведомстволардың жұмысына әдістемелік басшылық жасап, оны үйлестіруге, меншіктің сақталуы мен пайдаланылуына бақылау жасауға;

меншік қатынастарын қайта құру, оларды басқару процестеріне талдау жасау және тиісті шаралар мен ұсыныстар әзірлеу үшін мемлекеттік органдардан, жергілікті әкімдерден, жарғылық капиталында мемлекеттік қатысу үлесі бар шаруашылық жүргізуші субъектілерден мемлекеттік мүлікті, акцияларды пайдалану мәселелері бойынша қажетті құжаттары мен басқа да құжаттарды өтеусіз негізде сұрауға және алуға;

Министрлер Кабинетінің Комитет құзырына жататын мәселелер бойынша шешімдерінің орындалуын қадағалау мен тексеруге;

қазақстандық және шетелдік заңды және жеке тұлғаларды консалтингтік фирмалар ретінде жұмысқа тартуға;

Комитет қызметінің саласына жататын проблемалар бойынша ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруға және үйлестіруге құқылы.

6. Комитеттің мемлекеттік меншікті басқару жөнінде өз құзыры шеңберінде қабылданған шешімдері барлық деңгейлердегі мемлекеттік басқару органдары үшін міндетті болып табылады.

### IV. Комитет қызметін ұйымдастырудың негізгі мәселелері

7. Комитетті төраға басқарады, оның үш орынбасары, оның ішінде бір бірінші орынбасары болады.

Комитет төрағасының орынбасарларын төрағаның ұсынуы бойынша Министрлер Кабинеті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

8. Комитет төрағасының орынбасарлары арасында міндеттерді төраға бөледі.

Комитет төрағасы комитетке жүктелген функциялардың орындауы үшін тікелей жауап береді, төраға өз орынбасарлары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының жекелеген қызмет бағыттары үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

9. Комитетте 11 адам құрамында алқа құрылып, оған төраға, лауазымы бойынша оның орынбасарлары, Комитеттің басшы қызметкерлері, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің өкілі кіреді.

10. Комитет алқасының құрамын Министрлер Кабинеті бекітеді. Комитеттің негізгі құрылымдық бөлімшесі - басқарма болып табылады.

Орталық аппараттың құрылымы мен штат кестесі заңда белгіленген тәртіппен бекітіледі.

11. Комитет пен оның аумақтық органдары төменгі аумақтық бөлімшелер жоғарғы бөлімшелерге бағынатын біртұтас жүйе құрайды.

12. Аумақтық комитеттердің басшыларын Комитет төрағасы жергілікті әкімдермен келісе отырып тағайындайды.

13. Комитет Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленіп, қазақ және орыс тілдерінде атауы жазылған мөрі бар заңды тұлға болып табылады.

14. Комитет пен оның аумақтық органдарын республикалық бюджет есебінен ұстау көзделген.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995  
жылғы 19 мамырдағы  
N 716 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті  
басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық  
аппаратының

Құрылымы

Акционерлік қоғамдармен және компаниялармен жұмыс жөніндегі  
жетекші басқарма

Базалық салалар жетекші басқармасы

Ауыл шаруашылығы мен ұқсатушы салалар жетекші басқармасы  
Әлеуметтік сала мен жылжымайтын объектілер жетекші басқармасы

Қаржы және мемлекеттік мүлікті пайдаланғаны үшін дивидендтер  
мен төлем түсуін бақылау жетекші басқармасы

Заң және нормативтік қамтамасыз ету жетекші басқармасы

Тізілім, талдау және болжамдау жетекші басқармасы

І с б а с қ а р м а с ы

< \* >

Ескерту. Құрылымында сөздер алынып тасталды - ҚРМК-нің  
1995.07.11. N 948 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК